



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

09.01.2020 № 1/0

Нұр-Сұлтан қаласы

**«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы»
Мемлекеттік мекемесінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын
бекіту туралы**


Қазақстан Республикасы Заңының 18 қарашадағы 2015 жылғы 10-бабына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу, жөніндегі стандарттарына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын (бұдан әрі – Стандарт) қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Басқарманың барлық қызметкерлеріне бекітілген стандартты қызметтік міндеттерін атқару барысында қатаң басшылыққа алу.

3. Бекітілген стандартты әкімшілік бөлімі Басқарманың интернет-ресурсына орналастыру қамтамасыз етілсін.

Басқарма басшысы

 Ә. Жұмаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ

2020 жылғы 09.01

№ 1/0 бұйрығымен бекітілген

«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында (бұдан әрі – қоғамдық қатынастар саласы) әзірленді:

1) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару;

2) жергілікті бюджетті атқару.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» Мемлекеттік мекемесі болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықты ескертуге бағытталған ұсынымдар жүйелерін қоғамдық қатынастардың жекеленген салалары үшін белгілеуге бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеудің міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында жұмыс істейтін тұлғаларда орнықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың принциптері:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделердің дау-жанжалдарын жібермеу болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың жекеленген салаларында жұмыс істейтін тұлғалардың белгіленген ережелерді